

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ:

"ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ"



9 СЫҢЫП

САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:

- Түркістан қаласы туралы мағлұмат беру
- Қаладағы сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерімен танысу
- Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауидің кесенесі құрылысының тарихымен танысу.



Сөзжұмбақ



Тарихи анықтама:




Түркістан оңтүстік Қазақстан облысындағы солтүстік-батыс әкімшілік орталығы Шымкент қаласынан 180 шақырым жерде орналасқан. ҮІ ғасырда алғашқы қоныстанулар басталды. XII ғасырда түркі халықтарының ұстазы-Қожа Ахмет Йасауи осы жерге келді. XIY ғасырда Темірлан әскері шапқын жасап, қаланы Қожа Ахмет Йасауидің құрметіне Йасы деп атады. Кейін ХУ ғасырдан бастап түркістан деп аталды. ХҮІ ғасырда Түркістан Қазақ хандығының астанасы болып жарияланды.

Түркістанның тамаша ескерткіштері

Қожа Ахмет кесенесі –Түркістан қаласындағы ХІҮ ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Йасауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылыумен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Қожа ахмет йасауидің ескі мазарының орнына жаңа кесене орнатуды ұйғарады. Мұны әмір темір мәулен убайдуула садырға жүктейді. Қожа ахмет йасауи кесенесі -аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс, оның ені-46,5 метр, ұзындығы 65 метр. Орталық залының төңірегіне түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Жамағатхана күмбезінің ұшар басына дейін есептегендегі ғимараттың биіктігі -37.5 м. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы-1,8-2 метр. Келген адам орталық залға бас порталдың сәнді есігі арқылы кіреді. Бұл бөлмелерден өткен соң ағаш есік арқылы Қожа Ахмет Иасауидің мүрдесі жатқан бөлмеге кіруге болады. ХҮІ ғасырдан бастап кесененің жекеленген бөлмелеріне әйгілі адамдардың сүйектері қойыла бастады. Онда Жолбарыс хан, Абылай хан, есім хан , Қазыбек би, жәнібек батыр т,б белгілі адамдар жерленген. Кесене ЮНЕСКО-ның Қызыл кітабына енгілген.





**Түркістанның
оңтүстігінде 60
шақырым
жерде тарихи-
мәдени қорық-
Отырар оазисі
орналасқан.
9-12 ғасырда
осы жерде Ұлы
Жібек
жолының
сауда
орталығы
Отырар болды.**

Түркістанның шығысында, Оңтүстік Қазақстан облысының орталығында Қаратау мемлекеттік табиғи қорық бар.

Қорық шығысында қызылқұм, мойынқұм, Бетпақ дала шөлдерімен шектеседі. Қорық территориясында сүтқоректілердің 3 түрі, құстардың 12 түрі кездеседі, олар Қызыл кітапқа тіркелген.


Сергіту сәті "Ойлан, тап!"



Бүгінгі Түркістан

Соңғы жылдары Түркістан қаласы көркейіп келеді. 1968 жылдан бастап қала облыс орталығына бағынады. Осы уақыт ішінде қала ірі өнеркәсіптік, білімдік, мәдени орталығына және шетелдік туризмдік орталығына айналды. Қаланың территориясы 24 шаршы шақырым. 2010 жыл санағы бойынша халық саны-125 мың адам, жергілікті халықтар-қазақтар, өзбектер, орыстар. Т.б





2- тапсырма



Yüze mançırma: TırkıcmaH kaJıacı müpaly dıuajoz